

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы
«8D03205-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығының
докторанты Чжанганың «Қытай мен Қазақстандағы электрондық құжат айналымының
нормативтік-құқықтық реттелуі: салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациясына
андатпа

Андатпа. Бұл диссертация Қазақстан мен Қытайдағы электрондық құжат айналымы бойынша заңнама саласындағы заманауи зерттеулерді зерттеуге арналған. Диссертацияда екі елдегі электрондық құжат айналымы саласындағы тұжырымдамаларды түсіндіру негізінде Қазақстан мен Қытайдағы электрондық құжат айналымын реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны салыстырылады және осы саладағы екі елдің даму жолы қарастырылады. Сондай-ақ, жұмыста басқа дамыған елдердің озық тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан мен Қытайда электрондық құжат айналымы бойынша нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде практикалық ұсыныстар беру мақсатында әлемнің басқа елдерінің электрондық құжат айналымы бойынша заңдар мен нормативтік актілер талданады.

Тақырыптың өзектілігі келесі факторлармен негізделеді. Біріншіден, цифрлық экономика мен технологиялық прогрестің жылдам өзгеру жағдайларына заңнамалық және нормативтік базаларды бейімдеуге жеткілікті назар аударылмай отыр. Екіншіден, халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды терең салыстырмалы талдаудың қажеттілігі айқын, бұл электрондық құжаттарды басқаруға неғұрлым тиімді және үйлестірілген тәсілдерді қалыптастыруға ықпал етеді. Үшіншіден, қазіргі зерттеулер көбінесе заңнаманың жалпы сипаттамаларымен шектеліп, реттеудің нақтылы және тәжірибелік аспектілеріне тоқталмайды, бұл маңызды мәселелерді назардан тыс қалдырып, талдаусыз қалдырады.

Электрондық құжат айналымын құқықтық реттеу мемлекет үшін шешуші маңызға ие, өйткені бұл мемлекеттік басқару, экономикалық қызмет және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің ажырамас бөлігі болып табылатын негізгі ақпараттық ресурстардың тұтастығын, қауіпсіздігін және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Құқықтық негіздер стандартталған жүйе құруға ықпал етеді, ол электрондық құжаттарды өңдеу, сақтау және жіберу барысында дұрыстық пен ашықтықты қамтамасыз ете отырып, азаматтар мен бизнестің электрондық байланыс құралдарына деген сенімін нығайтады.

Сонымен қатар, тиісті құқықтық реттеу электрондық құжат айналымы процесінде пайда болуы мүмкін алаяқтықты, деректердің жайылып кетуі және басқа да теріс пайдалану түрлерін болдырмауға көмектеседі. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін сенімді негіз қалыптастырады. Осылайша, нақты заңнамалық механизмдерді енгізу ақпаратты қорғауға ғана емес, сонымен қатар ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен қоғамдық тәртіпті сақтауға ықпал етеді, бұл өз кезегінде елдің одан әрі технологиялық және әлеуметтік дамуына жол ашады.

"2023 Archival Data Convergence and Education Conference" конференциясы мен Қытайдағы электрондық құжат айналымы бойынша 13-ші форумда Қытай Халық университеті электрондық құжаттарды басқару зерттеу Орталығы мен Шанхайдың "Hongyi" бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуші технологиялық компания бірлесіп шығарған «Архивтерді және деректерді басқарудағы мазмұнды басқару жөніндегі ақ кітап» (бұдан әрі – кітап) жарияланды. Кітапта құжаттану саласының қазіргі дамуы және цифрлық интеллект контекстіндегі құжаттарды сақтаудың жаңа даму перспективалары қарастырылған. Осы кітаптың авторлары Лю Юэ-Нань, Лун Линь-Юнь және басқалардың пікірінше, құрылымданбаған деректер (мәтіндер, суреттер, аудио және видео сияқты) кәсіпорындардың деректерінің 80%-дан астамын құрайды және оларды басқару үшін кәсіби әдістер мен технологияларды қажет етеді.

Қазақстанда электрондық құжат айналымын дамыту мемлекеттік басқару мен азаматтардың күнделікті өмірінде ақпараттық технологияларды қолдану жағдайларын жақсартуды қамтитын ұлттық

цифрландыру стратегиясы аясында ерекше өзекті болып табылады. 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстан электрондық үкіметті дамыту және онлайн қызметтерді ұсыну бойынша рейтингтерде сәтті ілгерілеуде, бірінші көрсеткіш бойынша 28 орынды, екіншісі бойынша 8 орынды иеленіп отыр. Бұл орындар елдің елеулі жетістіктерін көрсетеді: мемлекеттік қызметтердің 92%-ы электрондық форматта ұсынылады, оның ішінде 484 қызмет тек онлайн түрде қолжетімді.

Электрондық құжат айналымын одан әрі әзірлеу және оңтайландыру осы орындарды одан әрі нығайту үшін шешуші маңызға ие. Бұл басқару процестерінің тиімділігін арттырып, ақпарат алмасуды жеделдетіп қана қоймай, сонымен қатар азаматтар мен бизнес үшін ашық, қолжетімді әкімшілік орта қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекеттік құрылымдарға электрондық құжаттарды түпкілікті енгізу бюрократия деңгейінің төмендеуіне, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және елдің жалпы инвестициялық тартымдылығын жақсартуға көмектеседі.

Диссертацияның теориялық негізін архив ісі, құжаттану, ақпараттық қамтамасыз ету, құқықтану және басқа да салаларда қытайлық және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Сонымен қатар, диссертацияның негізінде электрондық құжат айналымы және оған байланысты салалар бойынша еуропалық және америкалық мамандардың еңбектері жатыр. Теориялық негіз келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

Құқықтық реттеу теориясы: Күкеев (2021) және Қайралапова (2020) еңбектеріне сүйене отырып, дәстүрлі теориялардың цифрлық орта мен электрондық құжат айналымына қалай сәйкес келетінін және бейімделетінін негіздеуге болады. Лю Юэнань өз мақаласында электрондық құжаттарды басқару процестерінің мерзімі, мазмұны және реттілігі тұрғысынан орын алған өзгерістерін қағаз құжаттарды басқару процесімен салыстыра отырып қарастырады.

Электрондық құжат айналымы концепциясы: Приходько және Долгованың (2011) зерттеулері электрондық құжат айналымының әртүрлі, оның ішінде технологиялық және құқықтық аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Қытайлық ғалымдар Лю Цзяжэнь, Дин Хайбинь, Ян Аньлянь, Фэнь Хуэйлинь, Ван Нин де өз уақытында Қытайдағы электрондық құжат айналымы (ЭҚА) тұжырымдамасын анықтаған.

Халықаралық стандарттар мен тәжірибелер: Қазақстан мен Қытайдағы құқықтық реттеудің қалыптасуына әсер ететін UNCITRAL (United Nations Commission on International Trade Law) үлгілік заңы және ЕО директивалары. Калимуллина және Матросованың (2018) салыстырмалы сипаттамалары халықаралық контекст пен оның ұлттық заңнамаға әсерін түсіну үшін пайдаланылды.

Сондай-ақ, автор тарапынан David Bearman «Электрондық дәлелдемелерді қолдана отыра институционалдық құжат айналымының заманауи стратегиясы», Sprague Jr., Ralph H. «Electronic document management: Challenges and opportunities for information systems managers», Michael K. «What is a “document”?», Banerjee K. «Challenges of using metadata in a library setting: The Collection And Management of Electronic Links (CAMEL) project at Oregon State University», Raynes Michael. «Document management: is the time now right? », Ларин, М. В. «Ақпараттық қоғамдағы құжаттама: құжаттарды басқарудың нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етілуі », Maseh, E. «E-government implications for records management in Africa—a review of literature», Külçü Ö., Dişli M. «The Evaluation of Electronic Records Management Systems at Universities in Terms of Interoperability» секілді шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Бұл жұмыстар электрондық құжат айналымының әртүрлі аспектілеріне, оның ішінде техникалық және басқарушылық мәселелерден бастап, құжаттарды цифрлық дәуірде анықтау және пайдаланудың философиялық және әдістемелік тәсілдеріне дейінгі кең ауқымды зерттеулерді қамтиды.

Зерттеудің мақсаты Қытай мен Қазақстандағы электрондық құжат айналымының құқықтық реттелуін кешенді талдау және салыстыру болып табылады. Бұл ортақ тенденциялар мен құқықтық механизмдердің бірегей ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ екі елде де заңнамалық және нормативтік

базаны жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеу келесі міндеттер алға қойылды:

- Қазақстан мен Қытайдағы электрондық құжат айналымын құқықтық реттелуінің даму тарихы мен қазіргі жағдайын қарастыру. Тарихи талдау екі елдің де құқықтық нормаларының эволюциясын және олардың қазіргі кездегі негізгі мәселелерін түсінуге мүмкіндік береді.

- Электрондық құжат айналымы туралы заңнамалардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеу. Қытай мен Қазақстанның нормативтік актілерін салыстырмалы талдау жалпы ұқсастықтар мен электрондық құжат айналымын реттеудегі бірегей ерекшеліктерді анықтауға көмектеседі.

- Заңдар мен оларды іске асыру стратегияларын әзірлеудегі әртүрлі тәсілдерді талдау. Заңнамалық актілерді әзірлеу, қабылдау және іске асыру процестерін зерттеу екі елдің алдында тұрған негізгі міндеттері мен сын-қатерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

- Электрондық құжаттарды басқаруға қатысты негізгі қағидаттар мен тәсілдерді қарастыру. Қытай мен Қазақстандағы электрондық құжаттарды басқарудың қағидаттарын талдауға ерекше назар аударылады.

- Электрондық құжат айналымын реттейтін заңдар, стандарттар мен нормативтік актілерді зерттеу. Заңнамалық актілерді талдау электрондық құжаттарды қалыптастыру, сақтау, өңдеу және пайдалану ережелерін, сондай-ақ деректерді қорғау және құпиялылық механизмдерін зерттеуді қамтиды.

- Электрондық құжат айналымын құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу нәтижелері халықаралық стандарттарды ұлттық жағдайларға бейімдеу шараларын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл электрондық құжаттарды басқаруды жақсартуға және деректерді құқықтық қорғауды арттыруға ықпал етеді.

Диссертацияның негізгі міндеті Қытай мен Қазақстандағы электрондық архивтерді (құжаттарды) басқару заңнамалары мен стандарттарын зерттеу және салыстыру болып табылады. Зерттеу аясында электрондық құжаттар мен архивтерді реттейтін құқықтық нормаларды салыстырылып, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін заңнамалық аспектілер анықталады, бұл оларды дамытудың қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ, электрондық құжат айналымы туралы заңнамадағы қазіргі мәселелер талданады, бұл электрондық құжаттарды басқару саласындағы тәжірибе алмасуға және ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеудің жан-жақты және кешенді орындалуын қамтамасыз ету үшін әртүрлі әдістер қолданылды. Олардың қатарында: тарихи әдіс, құжаттарды талдау әдісі, сандық талдау әдісі, пәнаралық зерттеу әдісі, нақты жағдайларды зерттеу әдісі, салыстырмалы талдау әдісі, сұхбат алу әдісі, сандық зерттеу әдісі, ақпараттық зерттеу әдісі және эмпирикалық әдіс. Бұл әдістердің әрқайсысы Қытай мен Қазақстандағы электрондық құжат айналымы ережелерін әртүрлі қырынан зерттеуге арналған, бұл мәселені жан-жақты және терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қытай мен Қазақстанның заңнамалары мен нормативтік актілерін талдау және салыстырудың кешенді тәсілінде жатыр. Алғаш рет екі елдің электрондық құжаттарды басқару контекстіндегі құқықтық құжаттары бірлесе қарастырылып, оның нәтижесінде озық тәжірибелерді түсіну және бейімдеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бұл бірегей салыстырмалы талдау электрондық құжат айналымын құқықтық реттеудегі жалпы үрдістерді ғана емес, сонымен қатар тарихи, мәдени және экономикалық факторлармен байланысты ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде технологиялардың жылдам дамуы мен олардың электрондық құжат айналымын құқықтық реттеуге әсеріне байланысты қазіргі заманғы сын-қатерлерге ерекше назар аударылады. Блокчейн және жасанды интеллект сияқты инновациялық технологиялар қарастырылып, олардың деректермен алмасудағы қауіпсіздік пен тиімділігін арттырудағы рөлі талданады. Жаңа технологиялардың енуіне байланысты орын алуы мүмкін қауіп-қатерлер бөлек қарастырылып, оларды заңнамалық және нормативтік өзгерістер арқылы оларды болдыртпау жолдары ұсынылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы электрондық құжат айналымы саласындағы заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіру бойынша нақты ұсыныстарды әзірлеумен негізделеді. Ұсынылған шаралар халықаралық стандарттарды ұлттық жағдайларға бейімдеуге бағытталған, бұл электрондық құжаттарды басқаруды халықаралық деңгейде жақсартуға ықпал етуі мүмкін. Ұсыныстар деректерді құқықтық қорғауды күшейтуге, электрондық жүйелерге деген сенімділікті арттыруға және электрондық құжат айналымы саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты жақсартуға бағытталған.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар мыналар:

1. Қытай мен Қазақстандағы электрондық құжат айналымына қатысты қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің саны мен мазмұнына қарағанда, бұл салада реттеуші жүйе белгілі бір сипатқа ие бола бастады. Алайда, электрондық құжат айналымы саласындағы ойлау жүйесі әлі де дәстүрлі қағаз құжат айналымының деңгейінде қалып отыр. Заманауи электрондық құжат айналымы — PDF форматында сканерленген қағаз құжат құжаттың бейнесі емес, ол электрондық құжаттардың сипаттамаларына сәйкес келетін ережелер мен тәртіптер жиынтығына негізделген, тәуелсіз құқықтық нормалар, жүйелер және интеграцияланған басқару құралдарының стандарттарын қажет ететін құжат айналымы. Сондықтан, ең алдымен, ойлау жүйесін өзгерту, электрондық құжат айналымының негізгі элементтерін түсіну керек, электрондық құжат айналымы мен дәстүрлі қағаз құжат айналымының айырмашылықтарын тереңірек ұғыну қажет.

2. Дәлелдемелер туралы заңнаманы толықтыру мақсатында жеке «Дәлелдемелер туралы заң» әзірлеу қажет, өйткені қазіргі дәлелдемелер туралы заңнамада ережелер қарапайым және схемалық сипатта. Электрондық және қағаз құжаттарының тең заңдық күші туралы ережелер екі елде де тек мемлекеттік ведомстволардың нормативтік және нұсқаулық құжаттары болып табылады және заңнамалық деңгейде міндетті талаптар ретінде қарастырылмайды. Оларды әзірлеу барысында келесі элементтер қамтылуы тиіс:

а) Электрондық құжаттардың құжаттар санатына жататынын және белгілі бір жағдайларда олардың қағаз құжаттармен бірдей заңдық дәлелдемелік күші бар екенін нақты анықтау.

б) Архивтелген электрондық құжаттардың түпнұсқалығын, шынайылығын және тұтастығын қамтамасыз ету.

с) Электрондық құжаттардың түпнұсқалығын тексеру қызметтерін ұсынатын тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін нақты анықтау.

д) Құжаттарды басқару саласында архивтердің, құрылымдық бөлімшелердің, ақпараттық бөлімшелер мен тиісті басқарушы органдардың міндеттері мен өкілеттіктерін анықтау.

е) Электрондық құжаттарды жасау, жіберу, архивтеу, пайдалану, түпнұсқалықты растау, ұзақ мерзімді сақтау және басқарудың негізгі міндеттері мен қағидаттарын қамтамасыз ету.

ф) Электрондық архивтердің ашылу мерзімін анықтау.

3. Мемлекеттік архивтік басқару органдарының өкілеттіктерін кеңейту, әртүрлі нормативтік актілер мен стандарттардың үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін электрондық құжаттарды басқаруда архивтердің рөлін күшейту.

4. Ғылыми және мемлекеттік мекемелер электрондық құжат айналымы ережелерін зерттеуге көбірек қаржы бөліп, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайтуы тиіс.

Электрондық құжат айналымына байланысты заңдар мен ережелердің қоғамдағы маңыздылығын және өзектілігін көрсету үшін оларды кеңінен насихаттау қажет. Бұл азаматтарды заңдар мен ережелерді саналы түрде сақтауға ынталандыруға және қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Әсіресе, электрондық құжат айналымының жаңа ережелері енгізілгеннен кейін, бұқаралық ақпарат құралдарын, атап айтқанда, теледидар, радио, газеттер мен интернетті толыққанды пайдалану арқылы қоғамдық түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұл тиісті ұйымдар мен жеке тұлғаларға ережелердің негізгі мақсаты мен нақты мазмұнын анық және толық түсінуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім беру процесінде қолдануға болады. Олар әсіресе «Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету» және «Цифрлық архивтану және құжаттану» мамандықтары бойынша дәрістік және тәжірибелік сабақтарда өзекті. Зерттеу шетелдік және Орталық Азия елдерінің электрондық құжат айналымына қатысты нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ кәсіпкерлік және ақпараттық құқықты, басқа да пәнаралық курстарды зерттеуде көмекші құрал бола алады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау диссертациялық жұмысты орындаудың әр кезеңінде зерттеу нәтижелері алынған сайын жүргізілді. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің тарих ғылымдарының докторы, профессор Сексенбаева Гүлзира Ашимханқызының жетекшілігімен орындалды және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында талқыланды. Зерттеу нәтижелері сондай-ақ дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ғылыми семинарында баяндалып, талқыланды.

Диссертациялық жұмыстан бөлек, диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде Scopus базасына енгізілген рецензияланған 1 халықаралық ғылыми журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті ұсынған 3 ғылыми басылымда және халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында жарық көрді: 1. Қытайдағы электрондық құжат айналымы туралы заңнамалық актілер // Preservation, Digital Technology and Culture. – 2023. – Т. 52, №4. – 115-127 бб. 2. Қытайдағы электрондық құжат айналымы тұжырымдамасының қалыптасу тарихы // Journal of history. – 2023. – Т. 110, №3. – 130-142 бб. 3. Қазіргі кезеңдегі Қытайдағы электрондық құжат айналымы // Жаңа Архив. – 2023. – Т. 2, №2. – 45-55 бб. 4. Қытайдағы архив заңнамасының даму үрдісі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2023. – Т. 108, №1. – 124-134 бб. 5. Қытайдағы электрондық құжат айналымы бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру: тарихи аспект // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2024. – Т. 112, №1. 6. Қытай Халық Республикасының жоғары оқу орындарындағы архивтік білім беру // Қазіргі кезеңдегі архив ісі: мәселелер, тәжірибелер, инновациялар: 3-ші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (2021). 7. Қытайдағы архив ісі бойынша нормативтік құжаттар // Құжат айналымы мәселелері. – 2022. – Т. 156, №12. – 66-68 бб.